

« 05 » « 01 » 2020 № 1

Бұйрыққа қосымша №1

### Қамқоршылық кеңестің өкілеттігі

Білім беру ұйымының Қамқоршылық кеңесі:

- 1) білім беру ұйымының жарғысына өзгерістер және/немесе толықтырулар енгізу туралы ұсыныстар әзірлейді;
  - 2) білім беру ұйымын дамытудың басым бағыттары бойынша ұсыныстарды әзірлейді;
  - 3) қазақстандық азаматтардың отбасына жетім және ата – аналарының қамқорлығынсыз қалған балаларды орналастыру мәселелері жөніндегі шараларды жетілдіру бойынша ұсыныстарды әзірлейді;
  - 4) білім беру ұйымының бюджетін қалыптастыру барысында ұсыныстарды әзірлейді;
  - 5) тиісті саланың уәкілетті органына немесе білім саласындағы жергілікті арқарушы органына Қамқоршылық кеңестің білім беру ұйымының жұмысында анықталған кемшіліктерді жою туралы ұсыныстады енгізеді;
  - 6) орта білім беру ұйымдары басшысының лауазымына үміткерлермен әңгімелесу қорытындысы бойынша хаттамалық шешім шығарады және келіседі;
  - 7) білім беру ұйымы басшысының білім беру ұйымының қызметі туралы, оның ішінде білім беру қызметін ұсыну сапасы, қайырымдылық көмектің жұмсалуды және қазақстандық азаматтардың отбасыларына жетім және ата – ананың қамқорлығынсыз қалған балаларды орналастыру мәселесі жөнінде шараларды қабылдау туралы есебін тыңдайды;
  - 8) білім беру ұйымы қызметінің мәселелері бойынша конференцияларға, кеңестерге, семинарларға қатысады;
  - 9) білім беру ұйымының қызметімен, білім беру ұйымындағы білім алушыларға және тәрбиелешушілерге жасалған жағдайлармен танысады, білім беру ұйымының психологын қатыстыра отырып олармен әңгімелеседі.
- Білім беру ұйымдарының (құрылымдық бөлімшесі) қызметкерлері Қамқоршылық кеңестің құзыретіне жататын мәселелер бойынша ақпараттарды ұсынуға ықпал етеді.